



90

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ





90

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ (1907-1968)

Электрондық көрме



Филология ғылымдарының
докторы, профессор, академик,
жазушы, ұстаз Қажым Жұмалиев -
Қазақстанның ғылымы мен
білімінің дамуына, қоғамның
рухани баюына өлшеусіз зор
еңбек сіңірген дара тұлға.



90

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ (1907-1968)

Электрондық көрме



Уикипедия
Ашық энциклопедиясы

Басты бет
Қауым порталы
Жуықтағы өзгерістер
Ең жаңа беттер
Кездейсоқ бет
А — Я тізімдеуі
Анықтама
Форум
Талқылау легі
Қателер туралы
хабарлау
Демеу беру

Құралдар

Мұнда сілтейтін беттер
Қатысты өзгерістер
RTRC
Арнайы беттер
Тұрақты сілтеме
Мәлімет
Беттен дәйексөз алу
Уикидерек данасы

Қажым Жұмалиев [[өңдеу](#) | [қайнарын өңдеу](#)]

Уикипедия — ашық энциклопедиясынан алынған мәлімет

Қажым Жұмалиев (Қажығали) — жазушы, ақын, абайтанушы, әдебиеттанушы, ғалым, **филология** ғылымдарының докторы (1947), профессор (1950), Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1961), **Қазақстан Ғылым академиясының академигі** (1967, 1946 жылдан корреспондент мүшесі).

Мазмұны [жасыру]

- 1 Өмірбаяны
- 2 Шығармашылығы
- 3 Қазақ фольклорын, әдебиет тарихы мен теориясын зерттеу
- 4 Әдебиет теориясына қатысты еңбектері
- 5 Шығармалары
- 6 Дереккөздер

Өмірбаяны [[өңдеу](#) | [қайнарын өңдеу](#)]

- 1923 – 25 жылы Орынбор ересектер мектебінде, Шымкент ауыл шаруашылық техникумында оқыған.
- 1932 жылы ҚазПИ-ді (қазіргі АлМУ) бітірген.
- 1932 – 37 жылдары Орал педагогика институтында (қазіргі Батыс Қазақстан мемлекет университеті)
- 1937 – 68 жылдары ҚазПИ-де сабақ беріп, қазақ әдебиеті кафедрасын басқарды.



90

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ (1907-1968)

Электрондық көрме

Қазақстан жазушылары: XX ғасыр. Анықтамалық. – Алматы:

«Ана тілі» баспасы ЖШС, 2004. – 392 б.



ЖҰМАЛИЕВ
ҚАЖЫМ
(1907—1968)

28 желтоқсанда қазіргі Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданында туған. Филология ғылымының докторы (1947), профессор (1950), 1946 жылдан Қазақ КСР ҒА-ның корреспондент-мүшесі, 1967 жылдан академик. 1925–1932 жж. Орынбор мектебінде, Шымкент ауыл шаруашылығы техникумында оқыған. Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін бітірген (1932).

1932–1937 жж. осы университетте қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, Алматы жоғары оқу орындарында ұзақ жылдар ұстаз болған.

“Ерғожа мен Егізбай” (1929), “Шабуыл” (1933), “Қанды асу” (1934), “Өмір жыры” (1938). “Қырдағы күрес” (1957) атты өлең-поэмалар кітаптары жарық көрген.

Исатай-Махамбет көтерілісінің тарихынан жазыла бастаған романның үзінділері “Айқас” деген атпен басылған (1942). “Біржан-Сара” операсы либретто-сының, “Арбасу” (Ә.Сәрсенбаевпен бірге) атты драмалық шығарманың авторы. Қазақ зиялы қауымының

алғашқы буыны туралы “Жайсаң жандар” (1969) атты естелік жазды.

30-жылдардың соңғы кезінен бастап қазақ фольклорын, әдебиет тарихы мен теориясын зерттеумен шұғылданды.

Орта мектеп оқулықтары көлемінде әдебиет тарихын жүйелеумен айналысып, 8–9-сыныптар үшін қазақ әдебиеті оқулықтарын, “Әдебиет теориясын” (1938; 3-бас., 1969), жоғары оқу орындары филология факультеттеріне арналған “XVIII–XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті” (1967) оқулығын жазды.

Махамбет шығармаларын жинап, бастырып (1939, 1958, 1960), ақын шығармашылығына (1948), қазақ фольклоры мен әдебиетінің байланыстарына, Абай поэзиясына арналған монографиялық еңбектер жазды. Көп томды “Қазақ әдебиетінің тарихын” (2-1., 1-кіт., 1960) жазуға қатысып, 2-томның редакциясын басқарды.

Шығармалары: Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі. А., 1948; Қазақ эпосы мен әдебиеті тарихының мәселелері. 2 томдық, 1–2-т., А., 1958–1960; Стиль – өнер ерекшелігі. А., 1968.



90

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ (1907-1968)

Электрондық көрме



Академия наук Казахской ССР: справочник. – Алма-Ата: Наука, 1987. – 288 с.

Д Ж У М А Л И Е В
Хажим Джумалиевич

Филолог, академик АН КазССР (1967), доктор филологических наук (1946), профессор (1950). Член КПСС с 1941 г.

Родился 28 декабря 1907 г. Окончил Казахский педагогический институт (1932). Ст. преподаватель Уральского педагогического института (1932—1937), зав. кафедрой Казахского педагогического института (1937—1968).

Награжден орденом Ленина, медалями.


Исследователь казахского фольклора, письменных памятников истории казахского народа, связей фольклора с казахской реалистической литературой, творчества Абая, Махамбета, Шерниязы, теоретик казахской литературы.

Умер 26 декабря 1968 г.

Основные труды: Поэтический язык Абая. Алма-Ата,



1948; Казахский эпос и проблемы истории казахской литературы: Т. 1—2. Алма-Ата, 1958; Казахская литература XVIII—XIX вв. Алма-Ата, 1967; Стиль — своеобразие искусства. Алма-Ата, 1968. На каз. яз.





90

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ (1907-1968)

Электрондық көрме

Ысқақұлы Д. Қазақ әдебиеттанушылары. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2013. – 496 б.





90

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ (1907-1968)

Электрондық көрме



Академик-жазушы Сәбит Мұқанов:

Тақырыбы «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» делінсе, мазмұны да осыған сай.

Қажымның бұл еңбегінің бір бағалы жері – негізгі үлгісі орыс әдебиеті болған Абайды қазақтың шын мағынасындағы көркем әдебиетін жасаушы, қазақтың әдебиет тілінің негізін салушы ақын екендігін дәлелдеу. Абайдың ірілігі де осында. Абайдың барлық шығармасында мәдениеттілік жағынан орыс әдебиетіне теңдес түсерлік, мазмұнына түрі сай, қазақтың бәрі ұғарлық ұлт қазынасын жасауы адам қайран қаларлық және Абай тәрізді данышпан ақынның ғана қолынан келетін іс еді. Қажым бұл еңбегінде ұлы ақынның сол дәрежеге қалай жеткендігін ойдағыдай дәлелдей алған.



90

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ (1907-1968)

Электрондық көрме



Мұхамеджан Қаратаев. Туған әдебиет туралы ойлар. Мақалалар жинағы. – Алматы: Қазмемлкөркемәд. баспасы, 1958.



К. Жұмалиев әдебиет теориясының қазақ тіліндегі тұңғыш оқулығын жазды, қазақ жастарының бір емес, алденеше буыны әдебиет теориясын өз ана тілінде осы оқулықтан оқыды. Орта мектептің сегізінші және тоғызыншы кластарына арнап, қазақ фольклоры мен қазақ әдебиеті жөнінде Жұмалиев жазған, 1940 — 1951 жылдарда Алматыда басылған және мектептерімізде тұрақты оқу кітабы болып отырған алғашқы оқулықтардың да осындай маңызы бар.



90

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ (1907-1968)

Электрондық көрме



Әнуар Дербісәлин. Үш томдық шығармалар жинағы. II том. Дәстүр және жалғастық. Монография. – Алматы: Дәуір-Кітап, 2018.



ДАҢҒЫЛ ҒАЛЫМ

(Қ. Жұмалиевтің туғанына 70 жыл)

Қажым Жұмалиевтің әдебиет ғылымы саласындағы еңбектері кезінде филология ғылымының докторы, профессор, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі деген үлкен-үлкен абырай-ағактармен бағаланды. Бұлардың қай-қайсысы да ғылымда жан аямай еңбек етіп, творчестволық мол нәтижелерге жеткен адамдарға берілетінін ескерсек, Жұмалиевтің де санаулы ғалымдардың бірі болғанын көреміз.

Жұмалиев – қазақ әдебиетін зерттеуші ғалымдардың бастапқы буынының өкілі. Бұл буынның өзіне тән ерекшелігі көп. Соның біреуін ғала атасақ, осы буын өкілдерінің өлшеусіз зор еңбегін түсіну мен бағалау қиындыққа түспейді. Бұл – олардың қазақ әдебиеті мен қазақ фольклорының тарихына байланысты материалдарды өздері іздей, жинай жүріп зерттеуі, зерттей жүріп жинауы, қазақ совет әдебиетін бір жағынан өздері жасай жүріп, екінші жағынан оның сыны мен тарихын да қалыптастыра, дамыта түсуі.



90

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ (1907-1968)

Электрондық көрме



Академик-жазушы Зейнолла Қабдолов:

Жетпісінші жылдарға шекті студент-филологтардың қолында жүрген бірден-бір құрал – профессор Қажым Жұмалиевтің орта мектепке арналған «Әдебиет теориясы».

Қажым Жұмалиев кітабының қазақ әдебиеттану ғылымындағы орнын да, тек мектеп оқушылары ғана емес, қалың көпшіліктің эстетикалық талғамын қалыптастыруда ондаған жылдар бойы атқарған ролін де ешкім жоққа шығармайды.

Қажым Жұмалиев – шын мәніндегі сирек ұстаздардың бірі: ол *буын-буын жас ұрпаққа үлгі беруден, өнеге дарытудан, ғұмыр бойы «үйретуден жалықпаған» нағыз педагог.



90


ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ (1907-1968)

Электрондық көрме



Айқын Нұрқатов. Ғалым еңбегі // Шығармалар жинағы. Том 4. Жалғасқан дәстүр. – Алматы:2010. – 368-378-беттер.



Айқын Нұрқатов

қалмайды.
Қ. Жұмалиевтің зерттеушілік стиліне жадағай да жалаң ғалымпаздық, енжар салқындық жат. Аталған кітаптарды оқығанда оларды әдебиеттің тарихы мен теориясын жете білетін, көркемдікті жақсы сезінетін, идеялық және эстетикалық талдауды қатар ұстайтын автор жазғанын анық аңдап отырасың. Бұл ретте одан әсіресе жас ғалымдарымыздың көп нәрсе үйрене алатындығы даусыз. Жалпы алғанда проф. Қ. Жұмалиевтің қос томдығы қазақ әдебиеттану ғылымына елеулі үлес ретінде қосылатын байсалды зерттеу болып табылады.




90

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ (1907-1968)

Электрондық көрме



ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ

Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері, филология ғылымының докторы, профессор, әрі ақын, әрі драматург Қажығали (әдеби лақап аты Қажым) Жұмалыұлы Жұмалиев — 1907 жылы Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы Аққозы ауыл советіне қарасты Жалғыз-ағаш деген жерде туған. Қажығалидың әкесі Жұмалы да, шешесі Жауқасын да хат танымайтын орта шаруалы адамдар екен.

Жұмалыдан Ақмұқан, Балмұқан, Қайырмұқан, Қажығали атты төрт ұл, Зылиха, Қалау атты екі қыз болады. Ақмұқан мен Балмұқан жасында мұсылманша оқып хат таныған, қисса жырларды көп білген адамдар екен. Ал Қайырмұқан болса, өлең-жырмен жұмысы жоқ шаруаның ғана адамы болыпты.

Он екі жасында әке мен шешеден бірдей жетім қалған Қажығали аға-жеңгелерінің қолында тәрбиеленеді. Шешесінің сүт кенжесі болып бұлаулау өскен Қажығали жас кезінен бастап-ақ ән мен жырға әуес, жиын-тойда «өлеңші бала» атанып кетеді.

Қажығали алғашқы сауатын ауылдық мектептен ашады. Бірақ талантты жас мұнымен ғана шектеліп қалмай, тағы да оқығысы келеді.

1923 жылы алыстағы ауылдан оқу іздеген қазақ жастары қалаға қарай ағылған кезде Қажым да соларға еріп, Орынборға келеді. Өзінің осы сапары жайлы Қажығали: «Осы жолғы сапарым (1923) менің өмірімнің келе-



90

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ (1907-1968)

Электрондық көрме



Мекерия Атымов. Қажым Жұмалиев (Өмірі мен творчестволық қызметі). – Алматы: Ғылым, 1987. – 160 бет.


Қажым Жұмалиев өзінің әдебиет тарихы туралы зерттеулерін сол әдебиеттің бастауы болып есептелінетін ауыз әдебиетімен тығыз бірлікте, тұтас байланыста қарастырады. Сондай-ақ қай елдің жазба әдебиеті болса да оның ауыз әдебиетінен шығып дамығандығы туралы айта келіп, ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің арасындағы айырмашылықтарға да тоқталады. Осы айырмашылықтарға сүйене отырып, қазақ әдебиеті тарихының Бұхар жыраудан басталатындығын ғылыми



3-сурет. Солдан оңға қарай: Қ. Ж. Жұмалиев, И. И. Мещанинов.

тұрғыда дәлелдеп береді. «Ауыз әдебиетін — фольклорды кім шығарғаны мәлім емес. Бұл әдеби мұралар XVIII ғасырдың екінші жарымына шейін келді де, сол кездерден бастап, кейбір шығармалардың авторлары мәлім бола бастады.

деп белгілейтін. Оның қарастыруға болады. Ғылымның 1958 жылы шыққан «Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері» атты (1958, 1-т.) кітабының бірінші бөлімі түгел дерлік ауыз әдебиетінің проблемалық мәселелеріне арналған. Ғалым бірінші томның беташары ретінде берілген «Қазақ эпостары туралы» мақаласында қазақ ауыз әдебиеті материалының молдығы, маз-



2-сурет. Солдан оңға қарай: Қажым Жұмалиев пен С. Е. Малов.

мұндылығы және түр көркемдігі жағынан қай халықтың ауыз әдебиетінен де кем түспейтіндігі туралы айта келіп, фольклористика ғылымында танылған сан алуан түрлердің қайсысы болсын қазақ әдебиетінен табылатындығын айтады. Туған халқының әдебиеті мен мәдениетін сөзімен қараған



90

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ (1907-1968)

Электрондық көрме



Академик Серік Қирабаев:

Қажым табиғатында адал жан еді. Бір кезде шәкірт боп, кейін көп жыл бойы бірге қызмет істеп жүргенде, біздің байқағанымыз – әр түрлі айтыс-тартыстарды, өмірдің соқпақтарын көп өткен адам – соның бәрінде кісі сыртынан ғайбат айту, жалған арыз ұйымдастыру, тағы басқа пәле құғыш қасиеттердің бәрінен де таза болатын. Бірбет, шыншыл адам – ойына келгенін тура айтатын да жүре беретін. Біз оны осы ғалымдығы мен адал ұстаздығы үшін, жоғары, биік адамгершілігі үшін, әлгіндей тазалығы үшін жақсы көрдік.



90

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ (1907-1968)

Электрондық көрме



Академик Рәбиға Сыздықова:

Абай – ең алдымен ақын. Демек, оның тілі поэзия тілінің әдеби-көркемдеу тәсілдеріне қарай талдануы қажет. Бұл жағынан қазір біздің қолымызда жақсы ғылыми еңбек бар, ол – профессор Қажым Жұмалиевтің «Абай поэзиясының тілі» атты монографиясы. Мұнда, автордың өзі айтқандай, Абайдың бүкіл тілі емес, соның бір-ақ жағы – поэзиясындағы әдеби-көркемдеу тәсілдерінің көрінісі, яғни «поэтик тіл» талданады. Сондай-ақ зерттеуші бұларды жеке-дара алмай, Абайдың қазақ әдебиеті мен әдеби тіліндегі орнын айқындап, оның табыстары мен жаңалықтарын көрсете талдайды.



90

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ (1907-1968)

Электрондық көрме




Академик Сейіт Қасқабасов

АКАДЕМИК Қ. ЖҰМАЛИЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ФОЛЬКЛОР ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Академик Қажым Жұмалиев — әдебиет тарихы мен әдебиет теориясының аса білгір маманы. Сонымен қатар ол — қазақ фольклорының да білікті зерттеушісі болды. Оның 1958 жылы жарық көрген «Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері» атты монографиясы — өз кезінде өте құнды бірден-бір ғылыми еңбек деп бағаланған болатын. Бұл еңбек әлі күнге дейін ғылыми маңызын жойған жоқ. Себебі мұнда нақты жырларды талдау ғана орын алған жоқ. Бұл кітапта фольклортану үшін маңызды-маңызды проблемалар түбегейлі қарастырылған болатын. Сондықтан да біз Қажым Жұмалиевті — фольклорист деп есептейміз.

Біз үшін қазіргі таңда Қ. Жұмалиевтің әрбір жырды қалай зерттегенінен гөрі жалпы фольклорлық мәселелерді қалай түсінгені және қандай әдістерді қолданғаны маңыздырақ. Осы тұрғыдан келгенде ғалымның фольклор және тарих, фольклор және шындық, фольклор поэтикасы деген проблемаларды қамтығаны байқалады.





90

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ (1907-1968)

Электрондық көрме



Профессор Мекемтас Мырзахметов:

Қажым Жұмалиевтің саналы өмірі түгелдей ұстаздық жолға арналды. Ол дәріс оқу үстінде ешқандай конспект, қағазға қарамайтын. Әдеби шығармаларды талдау үстінде кез-келген ақын, жыраудың өлеңін жатқа айтып, сөз маржанын нөсерлеткенде, тыңдаушысын сілтідей тындырып, керемет әсерде қалдыратын. Шәкірт атаулыға біліміне қарай бағасын, ынта-талабына қарай құрметін аямаса, ойында нәрі бар творчество адамына деген ықыласы да бөлекше болатын.




90

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ (1907-1968)

Электрондық көрме



<http://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1581839&lang=kk>

Профессор Тұяқбай Рысбеков:

Қаншама қысымшылық, қуғын көрсе де Қажым туған әдебиетке, ғылымға деген адалдығын сақтады. Оның достары, замандастары, шәкірттері әрдайым оның осы қасиеттерін ардақ тұтады. Ғылым мен әдебиет тарихының әрбір кезеңі тұстарында туған халқының абыройы мен атағын көтерген жайсаң жандардың қатарында Қажым тұратын болады.




90

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ (1907-1968)

Электрондық көрме

Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. Екі томдық / Жалпы
редакциясын басқарған филология ғылымдарының докторы, профессор
А.С. Ісімақова. – Том I. - Алматы: ҚазАқпарат, 2008. – 646 б.



Қажым Жұмалиев ғалым-педагог, ұстаз еді, өмірінің отыз бес жыл уақытын ол оқытушылықпен өткізді. Ғалым шәкірттерінің қатарына тек ол қызмет істеген Орал пединституты мен ҚазПИ-де, ҚазҰУ мен Қарағанды пединститутында оның лекциясын тыңдаған жастарды ғана емес, осы отыз бес жыл ішінде қазақ мектептерінде оқып, қазақ әдебиетінен дәріс алған шәкірттердің бәрін қосуға болады. Олардың бәрі әдеби білімді алғаш Қажым оқулығы арқылы алды, қазақ халқының ауыз әдебиеті, төңкеріске дейінгі қазақ әдебиетінің тарихы, әдебиет теориясы жайлы мәліметтерді сол оқулықтардан үйренді. Қажым ұзақ жылдар бойы қазақ орта мектебінің 8, 9 кластарына арналған әдебиет оқулығының, әдебиет теориясы оқулығының авторы болды. Оның оқулықтары негізінде орта мектепте қазақ әдебиетін пән ретінде жүргізу ісі жолға қойылды.



90

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ (1907-1968)

Электрондық көрме



АКАДЕМИК ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ – КӨРНЕКТІ АБАЙТАНУШЫ



Бұл орайда академик Қажым Жұмалиевтің “Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі” (1948) дейтін еңбегі – Абайтанудағы жаңа қадам, жақсылығы мол әдеби қрбылыс. Себебі, Абай поэзиясының тілін ғылыми-теориялық тұрғыдан мейлінше қисапсыз әдеби-поэзиялық материалдар негізінде байыптылықпен, сарабдал сыншылық қабілетпен жан-жақты талдал тексерген.

Академик Қ. Жұмалиев – көрнекті абайтанушы, өлеңтанушы, әдебиет тарихшысы, публицист, оқымысты-педагог ретінде ұлт мәдениетінің тарихында жасай беретін жасампаз тұлға.

Серік Негимов,
Л. Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің
профессоры, филология
ғылымдарының докторы



90

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ (1907-1968)

Электрондық көрме



Әдебиет теориясы және Қажым Жұмалиев

Әдебиет теориясын Қ.Жұмалиев орыс әдебиеті контексінде қарастырғанымен, қазақ әдеби процесі басты ғылыми мақсат екенін жасырмайды. Осы ретте Махамбет, Абай, Ыбырай әдеби мұралары кеңінен талданған. Әдебиеттің халықтығына да қатысты осы аталған әдеби мәтіндер қарастырылған. Әдеби мінез, образ, көркем шығарма, әдеби типтер, композиция, сюжет, портрет, мінездеу, жанама мінездеу, қатысушылардың сөзі, монолог, диалог, экспозиция, байланыс, дәлелдеу (мотивировка), ситуация, шиеленісу, шарықтау шегі, шешу т.б әдеби категориялар қазақ тілінде нақты мысалдар арқылы айқындалып берілген.

Айгүл Ісімақова, филология
ғылымдарының докторы, профессор





90


ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ (1907-1968)

Электрондық көрме



<http://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1110147&lang=kk>



Қ. ЖҰМАЛИЕВ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ

Қазіргі дәуір – жақсы дәстүрлерді қайта жаңғыртумен қоса, жаңалықтардың да толассыз тууымен, кейбір түйінді мәселелерге жаңаша көзқараспен қарап, оңды баға беруімен өзгешеленеді. Бүгінгі қазақ әдебиеті де осындай жаңару, жаңаша ойлау жүйесімен бірлікте, тұтастықта қарастырылуда. Мұны құптау да, қолдау да қажет. Бірақ өткеннің бәріне салауат айтып, мансұқ етуге болмайды. Сол себепті біз ендігі жерде әдебиет зерттеушісі Қажым Жұмалиевтің қазақ әдебиеті тарихының мәселелері жөніндегі еңбектеріне, ондағы кейбір ой-пікірлеріне қайта оралып, маңызды қырларына тоқталып, түйінді тұстарын тарата сөз етуді мақсат етіп қойдық.

Қажым Жұмалиев белгілі жазушы, ұлағатты ұстаз болумен бірге, төл әдебиетіміздің алуан мәселелері жөнінде көптеген ғылыми-зерттеу еңбектерін жазған білікті ғалым еді. Оның өткір ұшталған қаламының баспасөз беттерінде көптеген әдеби-сын мақалалар, кітап үлгісінде көп жылдар ізденістерінің жемісіндей құнарлы еңбектер туды: «Әдебиет теориясы» (1938, 1939, 1940, 1942, 1960), «Қазақ әдебиетінің» оқулығы (1941), «Махамбет Өтемісұлы» (1938, 1948, 1951, 1958, 1962), «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» (1948), «М.В.Ломоносов және орыс ғылымы» (1948), «Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері» (1958), «Қазақ әдебиет тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі» (1960), «А. Жұбалов» (1966), «Стиль-опер ерекшелігі» (1966), «XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті» (1968) т.б.



90

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ (1907-1968)

Электрондық көрме



<https://baribar.kz/88791/adebiettanu-abyzy-qazhym-zhumaliyevtin-tughany-na-110-zhyl/>

26.11.2018.



Фото: Темірболат Тоқмәмбетов



90

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ (1907-1968)

Электрондық көрме



ҰСТАЗДАРДЫҢ ҰСТАЗЫ, ҰЛЫ ҰСТАЗ <https://anatili.kazgazeta.kz/news/58585>



Қажым Жұмалиев – М.Әуезовтің қанаттас әріптесі, қазақ фольклоры мен ауыз әдебиетінің ірі маманы. Қазақ әдебиетінің тарихынан Ұлы Абай мен Махамбет шығармаларына маңызды зерттеулер жасаған, әдебиет теориясы туралы Кеңес Одағына біріккен халықтар арасында алғашқылардың бірі болып «Әдебиет теориясы» оқулығы мен оқу құралдарын жазған (1935 ж. бастап), жүйелі зерттеулер мен монографиялар жариялаған, Қазақстан жоғары мектептерінде дәріс оқыған шешен, абыройлы ұстаз, әдеби үдеріске үзбей араласқан академиктердің бірі. Қазақстан мектептеріне арналған өзекті маңызды мәселелер туралы сан алуан жүздеген мақалалар жазған, талқылауларға қатысқан ұстаз, ғалым. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Қазақ әдебиеті кафедрасын 30 жыл басқарған, жалпы ұстаздық өтілі – 36 жыл.

Зиол-Ғабден Бисенғали,

профессор, филология

ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДОКТОРЫ



90

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ (1907-1968)

Электрондық көрме





АБАЙ ИНСТИТУТЫ

қазақ | рус | eng

Тлауда ойлама, ар ойла!
Абай

[Басты бет](#) | [Сайт туралы](#) | [Қызметкерлер](#) | [Институт хабаршысы](#) | [Цифрлық кітапхана](#) | [Электронды көрме](#) | [Байланыс](#)

Бөлімдер

- [Абай институты туралы](#)
- [Абайдың шығармашылығы](#)
- [Абай туралы таңдамалы еңбектер](#)
- [Абай институтының бейнелекциялары](#)
- [Зерттеу нәтижелері](#)
- [Цифрлық кітапхана](#)
- [Фототоптама](#)
- [Бейнеархив](#)
- [Менің университетім](#)
- [Абай жолы \(аудио кітап\)](#)
- [Жарқын жаңалықтар](#)
- [Жақсының жақсылығын айт](#)
- [Абай әндерінің бейнекөрінісі](#)
- [Электронды көрме](#)
- [Ғылыми жоба AP08855683](#)

Мұрағат

Мұрағат

Күнтізбе

Январь 2022
Пн Вт Ср Чт Пт Сб Вс
1 2

Қажым Жұмалиев. АБАЙҒА ДЕЙІНГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫ ЖӘНЕ АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ТІЛІ

26-Сентябрь, 2013 | 6639 рет оқылды



Қ. Жұмалиев

Абай — қазақтың әдебиет тілінің негізін салушы, дамытып, ілгерілетуші дегенде, біздің әдебиетшілеріміздің ескермей жүрген мәселесінің бірі — Абайдың алдындағы әдебиетіміздің тілі қандай еді, онда поэтик тілдерден не бар, не жоқ деген мәселе. Мұны әлі ешкім сөз қылған емес. Абай жөніндегі тексеру-зерттеулерді ақтарсақ, бұл туралы еш нәрсе таба алмаймыз.

Абай — ұлы ақын, көмеңгер ақын дегенде, онан бұрын еш нәрсе жоқ деп қарау дұрыс болмас еді. Абай — өзінен бұрынғы ауыз әдебиетін, жеке ақындардың әдеби мұраларын толық меңгеруімен, өз тұсындағы әдебиетке сын көзімен қарап, кемшіліктерін көре білуімен және кейінгілерге үлгі аларлық мұра қалдыруымен Абай.

Қазақ фольклоры (ауыз әдебиеті) бай фольклордың бірі боп саналады десек, поэтик тіл жағынан да осыны айтуға болады.

XVIII ғасырдың екінші жартысынан басталатын тарихи әдебиеттің алғашқы өкілдері: Бұхар, Дулат, Махамбет, т.б. ақындардың өздері ауыз әдебиетінің негізінде өссе де, ой-пікір жағынан болсын, поэтик тіліне өздерінше жаңа образдар кіргізу жағынан болсын, өмір бейнесін суреттегенде шындыққа негіздей отырып бейнелеу жағынан болсын, әдебиетіміздің тілін ілгерілетпесе, көрі кетірген жоқ.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы ақындардан әдебиетіміздің бұрынғы тіл тазалығын аздырып, тілді шұбарлау ағымы туа бастап еді, бұл кезде тарих сахнасына ұлы ақын Абай шығып, тіл шұбарлауға қарсы майдан ашты. Бұл жөнінде кейін айтпақпыз. Қазіргі тоқталатын мәселе — ауыз әдебиеті, Абай алдындағы, кезіндегі тарихи әдебиет және Абай.

Бұл — осы еңбектің негізгі мәселесі. Өйткені ауыз әдебиеті, оның алдындағы және тұстас әдебиетінде поэтик тілден не бар, не жоғын аша отырып, Абайдың жаңалық ерекшелігін аша алсақ, оның әдеби тіл жөніндегі ұлы еңбегінде қазақтың әдебиет тілінің негізін салып дамытушы, ілгерілетіп, жоғарғы сатыға көтеруші екені де айқындалады. Бұрынғы барды айтып, жаңаның бетін ашу жалпы зерттеу еңбектерінің негізгі нысанасы болса, Абай алдындағы әдебиеттердің тілі жөнінде еште бір даяр зерттеу еңбектерінің болмауы Абайдың тілін өзіне шейінгі, не өз кезіндегі әдебиет тілімен салыстыра отырып зерттеуді міндет етеді. Орыс әдебиетшілері бір ақынның тілін зерттеу керек болса, бұрын мынау бар еді деп жатпайды. Өйткені оған шейін ол зерттеліп айтылған, тексерілген. Сондықтан сол ақынның өзіне тән ерекшелік, жаңалықтарын айтып беруге тырысады.

Біздің жұмысымыздағы үлкен қиыншылықтың бірі, міне, осы. Абайдың тілін айту үшін, оған шейінгі әдебиет тілінен еш нәрсе болмағандықтан, оларға да тоқталмауға болмайды. Әрине мұны бір ауыз сөзбен айта салу қиын. Бұл мәселе осы еңбектің ұзына бойына созылады, поэтик тілдердің ерқайсысына жөкелеп тоқтағанда, өзімізше, Абайдың жаңалығы, ерекшелігі дегенімізге, сол тарау, қай бөлімдермен байланысты айрықша тоқталып отырмаймыз.

ҚазҰУ 80. Менің университеті

- [Сұлтанғали Садырбаев](#)
- [Майя Мұхаммед-Өліқызы](#)
- [Зейнолла Қабдолов](#)
- [Тұрсынбек Көкішев](#)
- [Жанғара Дәдебаев](#)

Электронды конференция

- [МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ - 2020](#)
- [АБАЙДЫ БІЛМЕК ПАРЫЗ - 2020](#)
- [АБАЙДЫ БІЛМЕК ПАРЫЗ-2018](#)
- [Абайды білмек парыз - 2016](#)
- [МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ - 2015](#)
- [АБАЙДЫ БІЛМЕК ПАРЫЗ - 2015](#)
- [МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ - 2014](#)

Маман даярлау ісі

- [Бакалавриат](#)
- [Магистратура](#)



90

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ (1907-1968)

Электрондық көрме



Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті

Оңнан солға қарай бірінші отырған

М.О. Әуезов

Солдан оңға қарай бірінші отырған

Қ.Ж. Жұмалиев

Ортада отырған

Н.Т. Сауранбаев






90

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ (1907-1968)

Электрондық көрме



ЖҰМАЛИЕВ ҚАЖЫМ (1907-1968)



Еңбек сіңірген ғылым қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор, әрі ақын, әрі драматург Қажым Жұмалыұлы Жұмалиев 1907 жылы Орал облысы, Қаратөбе ауданы, Аққозы ауылына қарасты «Жалғыз ағаш» деген жерде дүниеге келген.

Алғашқы сауатын ауылдық мектептен ашқан. Ол 1923 жылы Орынборға келеді. 1925 жылы Орынбордағы «Ересектер мектебін» бітіргеннен кейін Шымкенттің ауыл шаруашылық техникумына түсіп, онда 1929 жылға дейін оқиды. Бірақ ол техникумды бітірмей-ақ 1929 жылы Алматыға келіп, қазіргі Абай атындағы педагогикалық институттың тіл және әдебиет факультетіне оқуға түседі. Оны 1932 жылы ойдағыдай бітіріп шығады.

1932 жылы Қазақтың Халық ағарту министрлігі Қажым Жұмалиевті Орал қаласында жаңадан ашылған педагогикалық институтқа оқытушы етіп жібереді. Қажым Жұмалиев бұл институтта 1932 жылдан 1937 жылға дейін ауыз әдебиетінен, қазақ әдебиетінің тарихы мен әдебиет теориясынан лекциялар оқиды.

Қажым Жұмалиев 1937 жылы Наркомпростоң шақыруымен қайтадан Алматыға келіп, Абай атындағы педагогикалық институттың қазақ әдебиеті кафедрасына оқытушы болып орналасады. Сол жылы өзі жұмыс істеп жүрген қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі болып тағайындалады. Содан өмірінің соңына дейін үзбестен отыз жыл бойы сол кафедраның меңгерушісі болып істейді.

1941 жылы «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы» деген тақырыпта диссертация қорғап, қазақ әдебиетшілерінен бірінші болып, филология ғылымының кандидаты дәрежесін алады.

1946 жылы СССР Ғылым академиясының шығыстану институтында «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі деген тақырыпта докторлық диссертация қорғап, сол жылы жаңадан ашылған Қазақ ССР Ғылым академиясына корреспондент мүше болып сайланды.

Ал 1967 жылдың ақпан айында Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшесі болып сайланды.



90

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ (1907-1968)

Электрондық көрме



Руда Зәйкенова,
филология ғылымдарының докторы,
профессор

Қазақтың Қажымы // Қазақ әдебиеті. – 02.02.2018.
<http://qazaqadebieti.kz/13658/aza-ty-azhymy>



Академик Қажым Жұмалиевтің артында қалдырған мол мұрасын әр қырынан қарастырып, бүгінгі өскелең ұрпаққа таныстыру – уақыт талабынан туындаған игілікті істердің бірі. Өйткені, Кеңес өкіметі тұсында ұлттық әдеби мұраны коммунистік партияның қаулы қарарлары мен партиялық саясат тұрғысынан түсіндіру көптеген қайшылықтарға әкеп соқтырды. «Ескішіл, кертартпа, феодалдық, буржуазияшыл-ұлтшылдық идеологияны жақтаушы» деген сылтаумен 1950 жылдары ілгері басқан аяғы кейін кетіп, дұрысы бұрысқа айналып, қорлық көргендердің жуан ортасында академик Қ.Жұмалиев те жүрген болатын. Бірнеше жылға созылған Ұлттық қауіпсіздік комитетінің тергеу нәтижесі бойынша заттары тәркіленіп және арыздану құқығынан айырылып (без права обжалования), 1953 жылы 27 мамырда табаны күректей 25 жылға сотталғанымен, өзінің де және

жұбайы Александра Ивановна Малинаның да Н.С.Хрущевке және КСРО Бас прокуроры Руденкоға жазған арыздарының нәтижесінде 6 айдан кейін Жоғары соттың шешімі 15 жылға шегеріліп, жаза 10 жылға түсірілген. «Қ.Жұмалиевтің қазақ әдебиеттану ғылымы жөніндегі еңбектерінің бәрі буржуазияшыл-ұлтшылдық сарында жазылған» деген комиссия шешімінің негізгілеріне көз жүгіртіп көрейік:

«1) Қ.Жұмалиевтің буржуазияшыл-ұлтшылдық көзқарасы 1941жылдан 1951 жылға дейін жарық көрген баспаға дайындалған «Қазақ әдебиетінің хрестоматиясында», «Едіге» пьесасында, «Біздің Мәлік» атты жинақта, орта мектептің 8-9 кластарына арналған «Қазақ әдебиеті» оқулықтарында ашықтан-ашық толық түрде орын алған.

2) Жұмалиевтің буржуазияшыл-ұлтшылдық көзқарасының мәні мынада: ол өткен тарихтан, ауыз әдебиетінен, жазба әдебиеттен ең алдымен орысқа қарсы кертартпа мазмұнды шығармаларды пайдаланған. 3) Жұмалиев өз көзқарасын насихаттау мақсатымен тарихи деректі (фактіні) бұрмалау (фальсификация) әдісін кеңінен пайдаланған. 4) Жұмалиев буржуазияшыл-ұлтшылдық мазмұнға толы сақтауға тиым салынған әдебиеттерді сақтап қалған... 5) 1941-1943 жылдарда жазылған «Қазақ әдебиетінің» оқулықтарында Жұмалиев жүз шамалы бетін «Бұхар,



90

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ (1907-1968)

Электрондық көрме



Академик Қажым Жұмалиев:

Абай не жазсын, қандай тақырыпты жыр етсін, ізін қуаласақ, түп тамыры сол ел тілегінде жатады. Өз кезіндегі әлеумет өміріндегі әртүрлі мінез-құлық, іс-әрекеттерді қатты шенеп, мінесе де, адамгершілік, оқу-өнер үйрен деп басалқылық айтса да, жалқаулықты мысқылдап, еңбек етуге шақырса да, түйіні – қазақты мәдениетті, өнегелі ел ету. Қайғы, қуаныш, бәрі де осыған келіп тіреледі.



90

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ (1907-1968)

Электрондық көрме



Академик Қажым Жұмалиев:

Махамбет туған жер мен еңбекші елін жан-тәнімен сүйді. Отаршы саясат жүргізіп отырған патша үкіметін, халықтың жері мен суын саудаға салған хандарды, ел талаған сұлтан мен билерді мейлінше жек көрді. Теңдікті күшпен алуға, күреске шақырды, өз өмірін осы күреске сарп етті.

Халқын тереңнен сүю идеясы Махамбеттің барлық әлеуметтік ісінде де, бізге мирас етіп қалдырған ақындық мұрасында да басынан аяғына дейін көктей өтіп отырады.



90

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ (1907-1968)

Электрондық көрме



АВТОРДАН.

Әдебиет теориясы — әдебиет тану ғылымының ең негізгі саласының бірі. Әдебиеттің теориясын жақсы білмей тұрып, әдебиеттің тарихшысы, не сыншысы, зерттеушісі боламын деушілік, сыпайылап айтқанда, өзінің міндеті мен мақсатына тым жеңіл қараушылық. Өйткені көркем шығармаға тылымдық талдау беру, әдебиеттік процесін дұрыс бағалау — тек әдебиет теориясын жақсы білгенде ғана мүмкін.



90

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ (1907-1968)

Электрондық көрме



Әдеби өмір. Фото-шежіре. Фото-альбом / Құрастырған
Ғалым Қалибекұлы. – Алматы: «Әдебиет» баспа үйі, 2019. – 320 б.





90

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ (1907-1968)

Электрондық көрме



Абайтану. Таңдамалы еңбектер. II том / Құраст., түсінік. жазғ.: П.Бисенбаев,
Е.Кәрібозов, Л.Мұсалы, Н.Нұрәлі; жауапты ред. Ә.Тарақ; жалпы ред.
басқ. Ж.Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. -264 б.



Қажым Жұмалиев

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ШЫНДЫҚ
ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТЕҢСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абай – өз дәуірінің ор алуан жағын суреттеген реалист акын. Ол дәуірінің жаман жағын да, жақсы жағын да өз шығармаларында айқын суреттеп, өз дәуіріне тән, сол жағдайға лайық, әлеуметтік, таптық ірі, келелі мәселелермен қатар, кейбір елеусіз нәрселерге дейін көре білді. Сөйтіп, ол өз заманының айқын айнасы болды.

Абай өмірге құлашын кең жайып, әлеумет тұрмысының әр саласына үңіле қарап, көп мәселелерді өлеңнің тақырыбы, айтайын деген ой-пікірінің өзегі етті. Толып жатқан тақырыпты жыр қылды. Мәселенің қайсысын алсақ та, Абайдың бүгілгенді жазып, бүркенгенінің бетін ашқандығын көреміз.



90

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ (1907-1968)

Электрондық көрме



Проф. Қ.Жұмалиев. Абай поэзиясының тілі.



А 13 Абайтану. Таңдамалы еңбектер. XV том. Қ. Жұмалиев
Абай поэзиясының тілі / жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев.
– Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 248 б.

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортақ)

ISBN 978-601-04-2303-9 (15-том)

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымының он бесінші томында Қ. Жұмалиевтің «Абай поэзиясының тілі» атты іргелі еңбегі беріліп отыр. Еңбек кезінде автордың «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі» (1960) кітабында С. Мұқановтың алғы сөзімен жарық көрген. Еңбектің басты құндылығы Абай поэзиясының тілінің көркемдік бейнелеу құралдарын алғаш рет жан-жақты саралап, ғылыми негізде сипаттап беруінде.

Кітап білім алушы жастарға, абайтанушыларға, тіл және әдебиет мамандарына, ілім іздеген көпшілікке арналған.

Том 3979/ГФ4 – «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортақ)

ISBN 978-601-04-2303-9 (15-том)

© Жұмалиев Қ., 2017

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институты, 2017



90


ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ (1907-1968)

Электрондық көрме



Проф. Қ.Жұмалиев. Абай поэзиясының тілі. Монография.



А 13 Абайтану антологиясы. Он томдық. III том. С. Мұқанов. Абай Құнанбаев. Монография; Қ. Жұмалиев. Абай поэзиясының тілі. Монография / құраст., түсінік. жазғ.: Л. Мұсалы, Б. Даутова, Г. Қасымқын; жауапты ред. А. Жақсылықов; жалпы ред. басқ. Ж. Дәлебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 366 б.

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортақ)

ISBN 978-601-04-4967-1 (3-том)

«Абайтану антологиясы» – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті дайындап, көпшілікке ұсынып отырған аса зор рухани құндылық.

Антологияның үшінші томына С. Мұқановтың «Абай Құнанбаев» және Қ. Жұмалиевтің «Абай поэзиясының тілі» атты монографиялық еңбектері енді.

Антология орта мектептің жоғары сынып оқушылары мен жоғары кәсіптік білім, мәдениет қызметкерлеріне, мемлекет қызметшілеріне, сондай-ақ қалың көпшілікке арналған.

Антология елдің ынтимдылығы мен бірлігінің нығайтуына, интеллектуалдық әлеуетінің артуына, қоғамдық сапаның дамуына қызмет етеді.

Антология АР08855683 «Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері» жобасы аясында дайындалып, жарияланған.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортақ)

ISBN 978-601-04-4967-1 (3-том)

© Мұқанов С.

© Жұмалиев Қ.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институты, 2021







90

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ (1907-1968)

Электрондық көрме



ҚАЗАҚТЫҢ БІРІККЕН МЕМЛЕКЕТТІК
БАСПАСЫ—АЛМАТЫ—1941




90

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ (1907-1968)

Электрондық көрме








90

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ (1907-1968)

Электрондық көрме






90

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ (1907-1968)

Электрондық көрме





90

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ (1907-1968)

Электрондық көрме



Тандамалы шығармаларының жеті томдығы





90

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ (1907-1968)

Электрондық көрме



Қ. Жұмалиевтің таңдамалы шығармаларының жеті томдығын шығарушылар туралы мәлімет



УДК 821.0 (075)
ББК 83.3 (5Қаз) я7
Ж80

Кітап Батыс Қазақстан облыстық тілдерді дамыту басқармасы жанынан құрылған арнайы комиссия мәжілісінде мақұлданып, Батыс Қазақстан облыстық тілдерді дамыту басқармасының тапсырысы бойынша баспаға ұсынылды.

«Ақ Жайық қаламгерлерінің кітапханасы» сериясының редакция алқасы:

Б.Ізмұхамбетов, С.Сүлеймен, А.Бақтыгереева,
Қ.Жұмағалиев, М.Сабыр, М.Ихсанғали, Б.Жексенғалиев

Ж80 Жұмалиев Қ.

XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті: оқу құралы
/Қ.Жұмалиев. Т.6. 268 б. – Орал: «Ағартушы», 2010.

ISBN 9965-789-73-8



90

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ (1907-1968)

Электрондық көрме



<http://zhaikpress.kz/regionnews/aseri-mol-almaty-sapary/>



Бұдан байқағанымыз, біздің қайраткер ағаларымыздың жолдастарының сөзге беріктігіне, адалдығына риза болмасқа амалың жоқ. Атамыз сол үш жыл қамауда болған кезде «Сіз тарих ғылымдарының докторы екенсіз, бізге фельдшер керек, сіз фельдшер боласыз», – деп, атамыз фельдшер болып қызмет атқарыпты. Немересінің айтуынша, осы қызметі атасының аман келуіне көп көмегін тигізген секілді. Кездесуіміздің соңында атамыз қолданған заттар мен құжаттар, марапат қағаздарын берді. 19 қараша күні атамыз жерленген орталық зиратқа барып, рухына Құран бағыштадық. Атамыз бен анамыз қатар жерленген екен.

Нұрлан Құмарұлы,
М.Мералиев атындағы тарихи-өлкетану
музейінің меңгерушісі, аудандық
мәслихат депутаты



90


ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ (1907-1968)

Электрондық көрме



Ғұлама ғалымға туған
ауылында орнатылған
бюст.





90

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ (1907-1968)

Электрондық көрме



ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ

Қазақстан Жоғары мектебінің профессоры, Қазақстан Ғылым академиясының академигі, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстанның Ғылымына Еңбек Сіңірген қайраткер Қажым Жұмалиев заманының тар жолында тайғақ кеше жүріп, Қазақстанның ғылымы мен білімі, әдебиеті мен мәдениеті саласында ел игілігі үшін ерен еңбек етті. Өзінің шығармалары, ғылыми зерттеулері, ұстаздық қызметі арқылы Қазақстанның халық шаруашылығы үшін жоғары білімді және жоғары білікті мамандардың бірнеше буынын тәрбиелеп, өсірді. Қазақстанның ғылымы мен білімінің, әдебиеті мен мәдениетінің дамуына, қазақ қоғамының ақыл-ой қуатының артуына орасан зор еңбек сіңірді.

Сарт-сұрт, жарқ-жұрқ еткен дүние өтті, өтті де кетті. Профессор Қажым Жұмалиевтің артында жақсы аты, жазған хаты қалды. Артында жақсы аты, жазған хаты қалған ғұламаның ел игілігі үшін төккен тері, шеккен бейнеті ұмытылмайды.

Проф. Ж.Дәдебаев



90

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ (1907-1968)

Электрондық көрме



ЭЛЕКТРОНДЫ КӨРМЕНІ ҚазҰУ-дың 90 ЖЫЛДЫҒЫНА

ОРАЙ ДАЙЫНДАП, КӨПШІЛІККЕ ҰСЫНҒАН

АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ

ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ

Л.Мұсалы, Б.Даутова, Г.Ыбырайқызы, Г.Қасымқын, Ж.Оразбаева

Алматы

2023/2024 жыл

Мамыр/жеңтоқсан